23655916998

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2026 жылғы 25ақпан №5165-26-00-2/120icТүркістанқаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
Төрағалық етуші судья Б.С.Кәрім,
сот отырысының хатшысыК.Б.Утебаеваның отыруында,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жетісай ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ТАЛАП ҚОЮШЫ ТАРАПЫНАН ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
Дара кәсіпкер Үсенбай ГүлфайрузаЖұмабайқызы

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер Сандуғаш Алтынбайқызы Лесбек

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі Г.С.Мелдеханов
Үшінші тұлғаның өкілі Б.Батырбеков

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Жетісай ауданының экономика және қаржы бөлімі» (әрі қарай – Бөлім)мемлекеттік мекемесі тарапынан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның (әріқарай – Заң) талабына сәйкес, конкурс тәсілімен №15571002-1 Конкурстық құжаттамаға сәйкес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу конкурсын жариялаған.

Заңның 11-бабына 4 тармағына сәйкес әлеуетті өнім берушіге келесідей біліктілік талаптары қойылады. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау

Құжатқа қол қойылған: Кәрім Б. С., 02.03.2026
Заңды күшіне енген күні: 06.04.2026, судья Кәрім Б. С., 06.04.2026
5165-26-3-1/33

үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы, сондай-ақ жұмыскерлер алдында жалақы төлеу бойынша мерзімі өткен берешектің болмауы.

Конкурстық құжаттаманың 7-қосымшасына сәйкес келесідей материалдық және еңбек ресурстары сұратылған:

1. Жүк көтергіштігі 5 тоннаға дейінгі борттық автомобильдер, (облыс шекарасындағы тиісті әкімшілік аумақтық бірлікте тіркелген)

2. Тереңдік вибраторы

3. Электрлік тегістеу машиналары

4. Қысымы 686 кПа дейінгі Іштен жану қозғалтқышы бар жылжымалы компрессорлар (7 атм), өнімділігі 5 м3/мин, (облыс шекарасындағы тиісті әкімшілік аумақтық бірлікте тіркелген)

5. Реттелетін дәнекерлеу материалдарын кептіруге арналған электр пештері температура 80-500°С аралығында.

6. Газбен дәнекерлеуге және кесуге арналған аппарат

7. Номиналды дәнекерлеу тогы 315-500 А болатын бір постты дәнекерлеу түзеткіштері

8. Компрессормен жұмыс істеу кезінде пневматикалық тамбовкалар

9. Жүк тиегіштер, жүк көтергіштігі 5т, (облыс шекарасындағы тиісті әкімшілік аумақтық бірлікте тіркелген)

10. Беттік Вибратор

11. Максималды жүк көтергіштігі 10 тонна автомобиль жолындағы крандар, (облыс шекарасындағы тиісті әкімшілік аумақтық бірлікте тіркелген)

12. Автокөлік тиегішті басқару құқығы бар жүргізуші

13. Жұмыс өндіруші

14. Автокөлік жолында кранды басқару құқығы бар жүргізуші

15. Учаске бастығы

16. Борттық автокөлікті басқару құқығы бар жүргізуші

17. Учаске шебері

18. Жұмысшылар.

23.12.2025 жылғы №15571002-ОК1 Конкурсқа қатысу өтінімдерді ашу хаттамасына сәйкес ЖК "Лесбек" конкурсқа қатысуға өтінім берген.

24.12.2025 жылғы №16397716 қорытынды хаттамаға сәйкес жеңімпаз болыпДК "Лесбек" екінші орын алған әлеуетті өнім беруші, "Сервис технологического оборудования" ЖШС-і танылған.

Шешімдеріне веб-портал арқылы шағым жасауға құқылы"Рэм Строй LTD" ЖШС-і қорытынды хаттамаға келіспей 29.12.2025 жылы №273954 шағым түсіреді.

"Рэм Строй LTD" ЖШС-не30.12.2025 жылы жауабы жолданған және қорытынды хаттама қайта қаралып,конкурстың жеңімпазы болып "Рэм Строй LTD" ЖШС-і екінші орын алған әлеуетті өнім беруші, "INNOVA BUILD" ЖШС-і танылған.

ДК «ГУЛ» «eotinish.kz» азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау және өңдеу бірыңғай платформасы арқылы 05.01.2025 жылы №ЖТ-2025

Құжатқа қол қойылған: Кәрім Б. С., 02.03.2026
Заңды күшіне енген күні: 06.04.2026, судья Кәрім Б. С., 06.04.2026
5165-26-3-1/33

04647026 арызы бөлімге келіп түседі. Аталған арызда ЖК "Лесбек" өтінімінде ұсынылған материалдық ресурстарының атап айтқанда Жүк тиегіш, жүк көтергіштігі 5т (Автопогрузчик АП-4045) ЖК «Лесбек» жалға бермегендігін, 23.12.2025 жылғы жалға беру келісім шартын жасамағандығын, келісім шарттағы қолы өзінікі емес екендігін хабарлап мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіміне енгізуді сұраған.

Талап қоюшы жауапкер дара кәсіпкер С.А.Лесбек конкурстық құжаттамаға біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат ұсынғанын негіздеп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану сұрап сотқа талап қою арызымен жүгінген.

Жауапкерден жазбаша қарсы пікір келіп түспеген.

Талап қоюшының өкілі сотта талаптың уәждерін қуаттап, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Үшінші тұлғаның өкілі жүк тиегіш, жүк көтергіштігі 5т(Автопогрузчик АП-4045) ЖК «Лесбек» жалға бермегендігін, 23.12.2025 жылғыжалга беру келісім шартын жасамағандығын, келісім шарттағы қолы өзінікі емес екендігін хабарлап мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіміне енгізуді сұрап, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының өтетін орнымен уақыты туралы тиісті түрде хабарланғаны мен жауапкер сотқа келмеді, дегенмен сотқа істі онын қатысуынсыз қарау туралы өтініш түсті.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабы 6-бөлігінің негізінде сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 434-V Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағының 1)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілер немесе өнім берушілер осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі.

АПК-нің 72-бабына сәйкес әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғаныс құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге

Құжатқа қол қойылған: Кәрім Б. С., 02.03.2026
Заңды күшіне енген күні: 06.04.2026, судья Кәрім Б. С., 06.04.2026
5165-26-3-1/33

жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелер және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімде келтіруге тиіс.

Талап қоюшы тарап талап қою арызындағы сілтеме жасаған мән-жайларын дәлелдеп, дәлелдеме құжаттарын ұсынса, ал жауапкер талап қою арызындағы мән-жайларды жоққа шығаратын дәделдемелер ұсынбады.

ДК «ГУЛ» өтініште ДК "Лесбек" өтінінде ұсынылған материалдық ресурстарының (Автопогрузчик АП-4045) ЖК «Лесбек» жалға бермегендігін, 23.12.2025 жылғыжалга беру келісім шартын жасамағандығын, келісім шарттағы қолы өзінікі емес екендігін хабарлап мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіміне енгізуді сұраған.

Бұл жағдайды сотта дара кәсіпкердің өкілі де растады.

Сот отырысында жауапкердің біліктілік талаптары және конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат бергені дәлелденді.

Жоғарыда анықталған жағдайларда, талап қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуға жатады.

АПК-нің 109, 117-баптарының негізінде жауапкерден талап қоюшының пайдасына сот шығыстары мен мемлекеттің пайдасына іс бойынша мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 – баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Жетісай ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер Сандуғаш Алтынбайқызы Лесбекты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер Сандуғаш Алтынбайқызы Лесбектен мемлекет пайдасына 2 163 (екі мың бір жүз алпыс үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы тарап шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Б.С.Кәрім**

Құжатқа қол қойылған: Кәрім Б. С., 02.03.2026
Заңды күшіне енген күні: 06.04.2026, судья Кәрім Б. С., 06.04.2026
5165-26-3-1/33

Құжатқа қол қойылған: Керім Б. С., 02.03.2026

Заңды күшіне енген күні: 06.04.2026, судья Керім Б. С., 06.04.2026

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»